

2019-2020 оқу жылындағы мектептің әдістемелік жұмысының талдауы

Әдістемелік қызмет мектептің жұмыс жүйесін бір тұтастыққа біріктіретін мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін арттыратын құрал болып табылады. 2019-2020 оқу жылынан бастап мектеп жаңа

«Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында көптілділік пен функционалды сауаттылықты дамыта отырып, оқушылардың білімдерін критериалды бағалау енгізу арқылы жетілдіру» деген әдістемелік тақырып бойынша жұмыс істеді.

Тақырып 3 жылға есептелген. Әдістемелік қызмет алдына мынадай мақсат пен міндеттер қояды: педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерінің өсуін, бастаманың дамуын, оқытудың жаңа түрлері мен әдістерін іздеп меңгеруді қамтамасыз ету, оқушылардың іс-әрекеттік дағдыларының дамуына жағдай жасайтын әдістемелік-дидактикалық материал базасын жасау, оқу пәндерін оқытудың педагог пен оқушының құзыреттілік мінез-құлықтарының ашылуына бағытталған инновациялық тәсіл қолдану, оқушыларды білімінің сыртқы сараптамасына дайындау: ОЖСБ, ҰБТ, TIMS және PISA халықаралық тестілеуіне дайындау.

2019-2020 оқу жылындағы әдістемелік жұмысының мақсаты мен міндеттері бойынша жылдық қорытындысы. Пән мұғалімдері жыл көлемінде оқушылардың білім алуының жеке маршруттарын әзірледі. Оқу-жылының басында бекітілген жоспар бойынша деңгейлік курсты бітірген мұғалімдер:

Бастауыш сынып мұғалімдері: Арынова Д.К («Жаңаша әдіс-тәсілдерді сабақ үрдісінде қолдану»), Бегалина М.М, Нұржакипова О.М («Оқуды және оқыту үшін бағалау»), Жакупбаева Г.Ө, Шаханова Н.Т («Оқыту үдерісін жақсарту мақсатында әдістерді жоспарлау»), Орыс тілі мұғалімдері: Шарипова К.Ж, Молдабаева Г.Т, Иванова В.А, физика мұғалімі: Сунгатова К.Н, география мұғалімі Рысбаева М.Ж, қазақ тілі мен әдебиет мұғалімдері Сулеева Г.С, Көпеева М.Ж, Өзін-өзі тану мұғалімдері Есебаева З.Е, Габбасова А.К жаспарланған коучингтерін өз уақытында өткізіп тәжірибе алмасты. Жыл көлемінде қазан айынан бастап мамыр айына дейін бастауыш сынып мұғалімдері Баймульдинова А.И, Балтабаева К.А қалалық деңгейде шығармашылық топтың семинарларын үздіксіз өткізді. Шығармашылық топтағы қатысушыларға әріптердің формасын сақтап жазуға, биіктікті сақтау қағидасын түсініп, жазу жолдарын түсіндіріп, тәжірибе алмасты.

«Жаңартылған білім мазмұны бойынша бастауыш сыныптарда каллиграфиялық нормаларын сақтап жазу жолдарын дамыту» тақырыбында семинар жүргізді.

Теориялық және тәжірибелік семинарлар мен коучингтер өткізілді:

- Оқушының жеке маршруты – оқушы құзыреттілігі дамуының құралы.
- Педагогикалық технологияның жиынтығы.
- Сыни тұрғыдан ойлау және оның оқу іс-әрекеті үрдісінде қалыптасуы.
- Үлгіландыру – жақсы оқу іс-әрекетінің басты жағдайы.

Шығармашылық және проблемалық топтың мектеп тақырыбы бойынша ПК БАИ-нда мектеп ӘБ, қалалық ӘБ, облыстық ӘБ шеңберіндегі қызметі.

1. Облыстық және қалалық семинар шеңберінде іс-әрекеттік тәсіл негізінде 19 сабақ көрсетілді.
2. Педагогикалық кеңестер:
 - «Критериалды бағалау»
 - «Мектептегі оқу-тәрбие үрдісі арқылы «Рухани жаңғыру»бағдарламасы аясында «Тәрбие және білім»кіші бағдарламасының іске асырылуы,
 - «Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында критериалды бағалау мен оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қолдана отырып үштілділікті меңгерту арқылы оқушылардың танымдық біліктілігін арттыру»
 - «Сатылар арасындағы сабақтастықты нығайту»(4-5,10)сынып арасындағы сабақтастық бойынша (кіші пед кеңес)
 - 11-сынып оқушыларының орта мектеп курсы бойынша қорытынды аттестаттау нәтижелері жайлы»

Мұғалімдердің өздігінен білім алу қызметі әдістемелік тақырып бойынша жұмыстың негізгі бағыттарынан тұрады. Мұғалімдер бұл мәселе бойынша өз біліктерін курстық қайта даярлық жүйесі арқылы, мектеп, қала, облыс семинарларына қатысу, мектеп, қала, облыс деңгейінде шығармашы -лық және проблемалық топтарда өзара әрекеттесу арқылы көтерді. Ұйымдастыру-іс-әрекеттік ойындарға қатысты, құзыреттілікке бағытталған тапсырмалар мазмұнын дайындады, сабақтардың технологиялық карталарын құрастырды. Мұғалімдер оқудың жоғары ынтасына ие және үлгерімі төмен оқушыларға арналған жеке білім беру жоспарларын әзірледі. Пән мұғалімдерінің рейтингтік көрсеткіші былтырғы жылмен салыстырғанда өсті.

Халықаралық деңгей:

Руминия Бухаресте өткен әлем чемпионатының қатысушысы Картова Ж.М
V орын.

Сәтбаев оқулығына 3 мұғалім баяндама жасады (Аманжолова М.Б,Мұхаметжанова С.С, Унгарова Г.С). «Золотой микрофон», әнші балалар байқауына оқушыларын нәтижелі дайындағаны үшін, Астана қаласында өткен «II Халықаралық көпжанрлы конкурс –фестиваліне”жеңімпаздар дайындағаны үшін ән –күй мұғалімдері Дудургова Ж.Б Сейсембинова Д.М бірнеше рет республикалық,халықаралық деңгейдегі Алғыс хаттармен марапатталды.

Республикалық деңгей:

Қазақстан Республикалық кубогі (самбо) бойынша Картова Ж.М

I орын (Семей қаласы, қазан 2019)

3 мұғалім тест тапсырмаларын сараптаудың ресми мүшесі (Байдолда Марат,Серикбаев А.С,Жуспеков Б.К), Қазақ тілі,орыс тілі ,физика, ағылшын тілі, тарих, бастауыш, математика ӘБ мұғалімдері қашықтықтық пән олимпиадасының қатысушыларын жыл көлемінде нәтижелі дайындады. «Рухани жаңғыру аясында» өткізілген конференциясында Кузембаев А.С облыс,республика көлемінде Алғыс хаттар мен сертификаттарға ие болды..

Облыстық деңгей: «Ересектер арасында жауынгерлік және спорттық самбо бойынша облыс чемпионатында 80 кг салмақ дәрежесінде Картова Ж.М I орын.

«Педагогикалық шеберлік -2019» облыстық байқауында орыс тілі мұғалімдері Молдабаева Г.Т, Назымбекова Р.А 1-орынға ие болды.

«Бастауыш білім беру мазмұнын жаңарту ресурсы ретінде дамыту ортасы: «Үздік оқу-әдістемелік басылым» облыстық сайысының бастауыш сынып мұғалімдері жүлдегері атанды. (Балтабаева К.А, Баймульдинова А.И)

«Қалалық деңгей»

«Ең үздік педагог-2019» қалалық сайысында Серікбаев А.С II орын.

«Білім мазмұнын жаңарту шеңберінде ең үздік инновациялық жинақ-2019» қалалық сайысында «Ең үздік –әдістемелік дидактикалық құрал» номинациясы бойынша бастауыш сынып мұғалімі Балтабаева К.А III орын, Есебаева З.Е I орын, орыс тілі мұғалімдері Молдабаева Г.Т, Назымбекова Р.А I орын

«Ең үздік авторлық бағдарлама» номинациясы бойынша Серікбаева А.С II орын, Баймульдинова А.И II орын,

«Үш тілде білім беру бойынша ең үздік әдістемелік дидактикалық құрал» номинациясы бойынша Сунгатов К.Н III орын

Бастауыш сынып мұғалімі Балтабаева К.А Ф.С. Қапенның 90-жылдығына арналған VI Қапен оқулары атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясында баяндама жасап II дәрежелі дипломмен марапатталды,

«Бастауыш білім беру мазмұнын жаңарту ресурсы ретінде дамыту ортасы, үздік оқу-әдістемелік басылым» облыстық сайысының жүлдегері II орын, Павлодар облысының білім беру ұйымдарында инновациялық үдерістерді қолдауы, қызметтестігі және тамыз педагогикалық іс-шараларына белсенді қатысқаны үшін сертификат берілді.

Байғабылова Р.С «Ertis» сегіз қырлы, бір сырлы ұстаз» номинациясына ие болып алғыс хатпен марапатталды.

2019 жылдың 29 сәуірінде өткен қалалық «Үздік педагог» сайысының II орын иегері Серікбаев Алмас Сансызбаевич (2019.08.05. №1-03/477)

Қалалық «Қ. Бітібаева олимпиадасы» (қазақ тілі) ӘБ мұғалімдер мен музыка пәнінің мұғалімі Сейсембинова Алғыс хат.

Картова Ж.М «Мектеп волейбол лигасы» 5-6, 7-8 сынып жаттықтырушысы диплом бірнеше рет, Жалпы білім беру мектеп оқушыларының 48-ші қалалық спартакиада бағдарламасында қазақша күрес бойынша ашық қалалық турнирге команда дайындағаны үшін Мадақтама 2019 (23-24 ақпан). Жеңіс күніне және Отан қорғаушылар күніне арналған Ұлттық спорт түрлері бойынша фестивальға қатысқаны үшін Грамота 2019

(4 мамыр)

Байбосынов Мейрам Бекбергеновичке арналған мұғалімдер арасындағы қалалық турнирінде 3-орын алғаны үшін Мадақтама (2019, 27 сәуір) Жыл көлемінде «Ұлттық мектеп лигасының» өткізілуіне үздіксіз жүйелі жұмыс жүргізген (волейбол командасы) Аниярұлы Оралхан I облыстық спартакиадасы I орын (Диплом) 2019 ж

«Coca-Cola Былғары доп 2019»2003-2004 ж.т мектеп оқушылары арасындағы футбол бойынша турнирде қалалық,облыстық деңгейде жүлдегерлер дайындағаны үшін Жумакельдин С.Ж Алғыс хаттар мен мадақтамалар .

«Мұғалімдер арасындағы 47-ші спартакиада»бағдарламасында Оспанов А.Н жүзу бойынша II орын, «Үстел теннисінен »Оспанов А.Н, Огазова И.К, Жуспеков Б.К II орын.

«Мектеп волейбол лигасы»турнирінде мектеп командасының тренері :

Картова Ж.М (III дәрежелі диплом) ,Аниярұлы Оралхан I дәрежелі диплом. Мәдениет және Ақпарат Министрлігінде Астана қаласында тіркеліп №12807-жеке куәлігі берілген Баспасөз баспасынан ай сайын шығатын республикалық ғылыми-әдістемелік« Шетел тілі»педагогикалық журналында жас мамандар Жакенова С.Б Жексенби С.А,Шерехан Л.А,Кокишева Д.Қ,Ашикбаева М.М сабақ жоспарлары жарық көрді.

Осы баспадан шығатын «Ізденіс», «Қазақстан ұстазы»республикалық педагогикалық ғылыми –әдістемелік журналында Айыпбаева Ш.Ж«Сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың тиімді жолдары», «Инновациялық технологияларды оқу үдерісінде қолдану» атты ғылыми мақалалары жарық көрді.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау, қайта даярлықтан өту.

Мұғалімдердің жоғарғы біліктілік санатына аттестатталуы педагогтың кәсіби өсуінің, жеке тұлғасының белсенділігінің, еңбек ынтасының белгісі болып табылады. Аттестацияның жаңа форматты үлгісінде жыл көлемінде «Педагог зерттеуші» «Педагог модератор» «Педагог эксперт » біліктілік санаттары бойынша мұғалімдер өз біліктіліктерін бекітті.

«Педагог зерттеуші»біліктілігі бойынша

Иванова В.А-орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі

Бастауыш сынып мұғалімдері :Шахманова Р.К,Арыстанбекова Ж.К, Нуржакипова О.М, Жакупбаева Г.У

Қазақ тілі мұғалімдері :Турсунова Б.А,Унгарова Г.С,Оразбаева Б.К, «Педагог зерттеуші»біліктілігі бойынша (2018-2019))

Бекбаева А.Т,Мұхаметжанова С.С,Кульбекова Ш.М,Рысбаева М.Ж, Копеева М.Ж, Ульжағалиева К.Ж,Аманжолова М.Б,Каппаева Ш.А,Серикбаев А.С, Жакупова А.Е,Баймульдинова А.И,Жуспеков Б.К,Кузембаев А.С,Шаханова Н.Т,Хашим Нұрбахыт өз біліктіліктерін бекітті.

Курстық қайта даярлаудан уақытылы өту мұғалімдерге қазіргі педагогика, оқыту әдістемесі саласындағы жаңалықтарды білуге, білім деңгейін көтеруге, озат педагогикалық тәжірибені зерделеуге мүмкіндік береді. 2018 жылғы қыркүйектен 2019 жылдың маусымына дейінгі уақыт аралығында барлық пәндер бойынша пән мұғалімдері курстық қайта даярлықтан өтті. Жаңартылған білім мазмұны курсы бойынша орыс тілі мен әдебиетінен Аманжолова М.Б,Қазақстан тарихы пәнінен Байдолда Марат, физика пәнінен Дигай А, Сунгатова К.Н, биология пәнінен Отарова А.Ж, Габбасова А.К, бастауыш сынып мұғалімдері Нуржакипова

О.М,Абдрахманова М.М , Арынова Д.К,Бегалина М.М,Сейтханова А.Қ, Молдатай А.Н ,шетел тілі мұғалімі:Жакенова С.Б

Қорытынды:

- Әдістемелік жұмыс жаңа әдістеме, тәсілдер, технологиялар туралы білімдерін толықтыру, оларды өз қызметінде қолдану арқылы кәсіби деңгей сапасын көтеруге бағытталған.
- Пәнді оқытудың оқушылардың іс-әрекетіне вариативті тәсілдерді қолдануды қамтитын ең тиімді технологиялары іріктелген.
- Диагностикалық негізге сүйенген әдістемелік жұмыс мұғалімдердің педагогикалық шеберлігіне әсер етеді, шығармашылығын ынталандырады, оқушылардың білім сапасының өсуіне мүмкіндік береді.
- Мұғалімдердің кәсіби деңгейі өсуінің оңтайлы динамикасы қарастырылады. Мұғалімдердің белсенділігі, шығармашылыққа деген талпыныстары артты.
- **Ұсыныстар:**
- Жыл проблемасы бойынша тәжірибе жинақтауды белсендендіру.
- Пән олимпиадасындағы, зияткерлік сайыстардағы сапалы көрсеткіштерді көтеру.
- Әдістемелік жұмыстарды мерзімдік журналдар мен газеттерде басу мүмкіндіктерін кеңінен қолдану.